



Бұрын берілген несиелер бойынша борышкер кәсіпорындарға борышты өтеу жөніндегі іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 16 мамырдағы N 144. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.21. N 813 қаулысымен. ~P990813

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 25 мамырына дейін республикаішілік өзара борыштары (бұдан былай - несиелер) есептеу нәтижесі бойынша борышкер кәсіпорындардың берілген директивтік несиелер мен несиелер бойынша бұрын берілген негізгі борышты өтеу шартымен есептелген проценттерді (кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайына байланысты) бөліп-бөліп өтеуі туралы мәселе қарау үшін комиссия құрсын;

борышкер кәсіпорындарға борышкер кәсіпорындардың бұрын алған

несиелерін өтеу туралы комиссия шешім шығарған сәттен бастап 10 банктік күн ішінде негізгі борыш сомасын және ол бойынша ерікті тәртіппен есептелген проценттерді бөліп-бөліп өтеуін тапсырсын;

борышкер кәсіпорындар жоғарыда аталған мерзімде берешегін өтемеген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес борыштарын өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Ведомствоаралық несие комиссиясы мына құрамда бекітілсін:

А.М.Шоқпытов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті директорының бірінші орынбасары, төраға

<*>

Комиссиясының мүшелері:

Асылбеков Азамат - Қазақстан Республикасының Әділет
Ермеқұлы министрлігі Заңдар және

халықаралық құқық департаментінің
жетекші маманы

<*>

Тұрысжанов Дархан - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Бекболатұлы индустрия және сауда министрлігінің
Экономикалық талдау және инвестициялық
саясат басқармасының бастығы

<*>

Д.Н.Айтжанов - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Бюджет департаменті
несиелеу басқармасының бастығы

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақпен толықтырылды, 2-тармақ 3-тармақ болып
саналды - ҚРҰ-нің 1998.04.09. N 64 өкімімен.

R980064_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.01.
N 234 өкімімен.

R980234_

3. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Премьер-Министр